

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

Махсұтов Жанғали Ғалымұлы

Роботты қолдану арқылы Ақылды үйдің басқару жүйесін құру

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070200 - Автоматтандыру және басқару мамандығы


Алматы 2022


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ
Кафедра меңгерушісі
физ-мат. ғыл. кандидаты,
қауымдастырылған профессор
 Н.У.Алдияров
« 14 » мамыр 2022 ж.



«Роботты қолдану арқылы Ақылды үйдің басқару жүйесін құру»
тақырыбына

дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


5B070200 - Автоматтандыру және басқару мамандығы


Орындаған

Махсұтов Ж.Ғ.

Сын - пікір беруші
Доктор PhD доцент,

Ғылыми жетекші
Ассистент профессор,
доктор PhD

 Оракбаев Е.Ж.
« 16 » 05 2022 ж

 Абжапаров. К. А.
« 11 » мамыр 2022 ж

Алматы 2022

СЫН – ПІКІР

Дипломдық жоба

Махсұтов Жанғали Ғалымұлы

5B070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы

Тақырыбы: «Роботты қолдану арқылы Ақылды үйдің басқару жүйесін құру»

Орындалды:

- а) графикалық бөлім __ бет;
- б) түсініктеме жазбасы __ бет.

Берілген дипломдық жобаның мақсаты ақылды үйдің дауыстық көмекші арқылы басқару жүйесін автоматтандыру және робот арқылы басқару, сондай-ақ микропроцессорлық жүйесін Arduino микро-контроллерінде құру болып табылады.

Ақылды үй бұл - адамдар үшін жайлы және қауіпсіз өмір сүру үшін жетілдірілген механизмдермен және автоматтандырылған жоғары интеллектуалды құрылғылармен жабдықталған жетілдірілген заманауи үй.

Дипломдық жұмыс ғылыми стильде, бөлімдер арасындағы логикалық байланысты сақтау арқылы жазылған. Жоба кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бірінші бөлімде ақылды тұрғын үйдің артықшылықтары мен ерекшеліктері, жұмыс істеу принциптері қарастырылған. Бұрынғы технологияның даму барысындағы жүйенің жетістіктері мен өзгерістері жұмысына тоқталдық.

Екінші бөлімде ақылды үйді Tinkercad бағдарламасында микроконтроллер мен құрылғылардың байланысы схемасы, жүйе жұмысының алгоритмі дайындалған.

Үшінші бөлімде жүйенің жұмыс жасау алгоритмі құрылып, бағдарламалық кешені мен блок схемалары құрылған. Arduino микроконтроллерінде бағдарлама құрылып сипаттама берілген.

Төртінші бөлімде ақылды тұрғын үйдің пайдасы мен экономикалық тұрғыда тиімділігі қарастырылған.

ЖОБА БОЙЫНША ЕСКЕРТУ

Сонымен қатар дипломдық жобада келесідей ескертпелер бар:


1. Роботтың жұмысы жобада толық көрсетілмеген.

Жобаны бағалау

Аталып кеткен ескертулерге қарамастан дипломдық жоба жоғары дәрежеде жазылып өте жақсы «95» деген бағаға ие, ал авторы Махсұтов Жанғали «Автоматтандыру және басқару» мамандығының бакалавры деген дәрежеге сай.

Сын – пікір беруші

Доктор PhD доцент

 Орақбаев Е.Ж

«16» 05 2022 ж.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Дипломдық жобаға

Махсұтов Жанғали Ғалымұлы

5B070200- Автоматтандыру және басқару

Тақырыбы: «Роботты қолдану арқылы Ақылды үйдің басқару жүйесін құру»

Бұл дипломдық жобада ақылды үйдің дамуына, құрылымына жалпылама тоқталып, сипаттама берілген, сонымен қатар роботты қолдану арқылы басқару жүйесі құрылған. Технологияның даму барысындағы жүйенің өзгерістері, жұмысына тоқталған. Автоматтандырылған микропроцессорлық жүйелерін жасау тәсілдері, микроконтроллерлердің жалпылама құрылымы, микроконтроллерді бағдарламалау және терең түрде Arduino микроконтроллерлерінің құрылымы мен түрлері және басқа микроконтроллерден ерекшеліктеріне тоқталған.


Сонымен қатар жүйенің компьютерлік жобалау және ақпараттық-бағдарламалық кешеннің сәулетімен құрамы қарастырылып, жүйенің жұмыс жасау алгоритмі құрылған. Содан соң микропроцессорлық жүйесінің қызметін қамтамасыз ететін құрамаэлементтерінің тізімі мен олардың техникалық параметрлері анықталған, жүйенің алдын-ала құрылымдық және функционалдық схемасы құрылған.

Дипломдық жобаның нәтижесінде автоматтандырылған «Ақылды үйдің» микропроцессорлық жүйесі мен «TYRANT» роботының Arduino микроконтроллерінде моделі құрылған.

Жалпы, бұл жоба толық орындалды, ал авторы Махсұтов Жанғали берілген тапсырманы өз бетінше орындай алды. 5B070200 – Автоматтандыру және басқару мамандығы бакалавр академиялық дәрежесіне толығымен сай және оны орындаған Махсұтов Жанғали Ғалымұлы аталынған мамандық бойынша бакалавр академиялық дәрежесін беруге сәйкес деген пікір білдіремін.

Ғылыми жетекші:

Доктор PhD, ассистент-профессор:




 К.А. Абжапаров


« 8 » 05 2022ж.

Дипломдық жобаны даярлау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім	28.01-24.02.2022 ж	
Арнайы бөлім	18.03-14.04.2022 ж	

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға
катысты диплом жобасы бөлімдерінің кеңесшілері мен нормалық
бақылаушының қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Технологиялық бөлім	Абжапаров. К. А. ассистент профессор доктор PhD	24.02.2022 ж	
Арнайы бөлім	Абжапаров. К. А. ассистент профессор доктор PhD	14.04.2022 ж	
Нормалық бақылаушы	Н.С.Сәрсенбаев техн.ғыл.кандидаты, ассистент профессор	16.05.22	

Ғылыми жетекшісі  Абжапаров. К. А.

Тапсырманы орындауға қабылдаған білім алушы Махсұт Махсұтов Ж.Ф.

Күні « 9 » қаңтар 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Махсұтов Жанғали

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Роботты қолдану арқылы Ақылды үйдің басқару жүйесін құру

Научный руководитель: Куаныш Абжапаров

Коэффициент Подобия 1: 1.3

Коэффициент Подобия 2: 0.4

Микропробелы: 26

Знаки из других алфавитов: 166

Интервалы: 45

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата

Заведующий кафедрой



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Махсұтов Жанғали

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Роботты қолдану арқылы Ақылды үйдің басқару жүйесін құру

Научный руководитель: Куаныш Абжапаров

Коэффициент Подобия 1: 1.3

Коэффициент Подобия 2: 0.4

Микропробелы: 26

Знаки из других алфавитов: 166

Интервалы: 45

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата

проверяющий эксперт

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада Заманауи «Ақылды тұрғын үйдің» автоматтандырылған күзет дабылын және дауыспен басқару жүйесін өндірістік микроконтроллер негізінде жобалау және іске асыру технологиясын өңдеу болып табылады. Автоматтандырылған микропроцессорлық жүйелерін жасау тәсілдері, микроконтроллерлердің жалпылама құрылымы, микроконтроллерді бағдарламалау және терең түрде Arduino микроконтроллерінің құрылымы мен түрлері зерттелді. Жүйенің компьютерлік жобалау және ақпараттық- бағдарламалық кешеннің сәулетімен құрамы қарастырылып, жүйенің жұмыс жасау алгоритмі құрылды. «Ақылды тұрғын үйдің» автоматтандырылған моделі құрылды. Үйдегі орын алған жағдайларды хабарлайтын TYRANT есімді робот жасалынған. Бұл ақылды тұрғын үй қашықтықтан басқару арқылы Bluetooth модулінің жұмыс істеу принципі көмегімен жасалынған.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте предусмотрена разработка технологии проектирования и реализации на базе промышленного микроконтроллера современной автоматизированной системы охранной сигнализации и голосового управления «умного жилья». Изучены подходы к разработке автоматизированных микропроцессорных систем, обобщенная структура микроконтроллеров, программирование микроконтроллеров и, в более глубокой форме, структура и типы микроконтроллеров Arduino. Рассмотрен состав системы с архитектурой компьютерного проектирования и информационно - программного комплекса, разработан алгоритм функционирования системы. Создана автоматизированная модель "умного жилья". Создан робот по имени TYRANT, который сообщает о случившемся в доме. Этот умный корпус разработан с использованием принципа работы модуля Bluetooth с помощью дистанционного управления.

ANNATATION

This diploma project includes the development of technology for designing and implementing an automated security alarm and voice control system of a modern "smart housing" based on an industrial microcontroller. Approaches to the development of automated microprocessor systems, the generalized structure of microcontrollers, microcontroller programming and the structure and types of Arduino microcontrollers were studied in depth. The composition of the system with computer design and architecture of the information and software complex was considered, and the algorithm for the functioning of the system was developed. An automated model of "smart housing" has been created. A robot named TYRANT has been developed that reports the events that have taken place in the House. This smart housing is designed using the principle of operation of a Bluetooth module with remote control.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ	11
1.1 Ақылды үй түсінігінің қалыптасу тарихы	11
1.2 Қазіргі таңда пайдалануда бар ақылды үй ақпараттық-бағдарламалық кешендерін талдау	13
1.3 Интеллектуалды ғимарат түсінігі	14
1.4 Ақылды тұрғын үйдің артықшылықтары мен ерекшеліктері, жұмыс істеу принциптері	16
1.5 Дипломдық жобаның міндеттері	17
2 КОНСТРУКТОРЛЫҚ БӨЛІМ	21
2.1 Ақылды тұрғын үйді модельдеуде қолданылған датчиктер	21
2.2 Автоматтандырылған ақылды тұрғын үй жобасының компьютерлік моделі	28
2.3 Жүйе жұмысының алгоритмі	32
3 БАҒДАРЛАМАЛЫҚ БӨЛІМ	34
3.1 Аппараттық-бағдарламалық кешеннің сәулеті және құрамы	34
3.2 Бағдарламалық-ақпараттық қамтамасыз ету сипаттамасы	38
3.3 Arduino IDE бағдарламалау ортасы	39
3.4 Arduino микроконтроллерлеріне сипаттама	40
4 ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМ	42
4.1 Ақылды тұрғын үйдің пайдасы, тиімділігі	42
ҚОРЫТЫНДЫ	43
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	44

КІРІСПЕ

Соңғы жиырма-отыз жыл ішінде техниканың тез дамуы нәтижесінде автоматтандырылған қондырғылар мен ақылды технологиялар адамзаттың күнделікті тіршілігіне терең енді. Осы жүйелерді қолданудың мақсаты қазіргі адам өмірінде болып жатқан шығындарды азайту, қажетті ақпарат беру және жүйелерді пайдалану ортасында да, тұрғын үйлерде, цехтарда немесе зауыттарда да адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Автоматтандыру жүйелері мүмкіндіктерінің қаншалықты жедел қарқынды дамығанын салыстыру үшін соңғы жылдардың технологиялық жаңалықтарына көз жеткізу қажет. Технологиялық жетістіктердің даму қарқынын түсіну үшін қол жеткізілген табыстарға назар аудару қажет.

ЭЕМ-нің алғашқы компьютерлері, дербес құрылғылары мейнфрэйм дәуірінен кейін дамыды. Бір желіге бірнеше желілер біріктірілген құрылғылардың дамуы қазіргі уақытта адам өмірінде кеңінен қолданылуда. Соңғы уақытта жүйелер орталықсыздандырылған, яғни бірыңғай басқару жүйесі жоқ технологиялармен дамыған, ұқсас жағдай автоматтандыру жүйелерінде де болды.

Бірақ технологияны дамыту жолында көптеген қиындықтар болды. Әрбір жүйе өз қосылу хаттамасын пайдаланды, жүйелер автономды болды. Сондықтан әртүрлі компаниялар шығаратын жүйелерді өзара қосуға мүмкіндік болмады. Мұндай қиындықтарды шешу кезінде жалпы бағдарламамен қымбат техника әдісті қолдану қажеттілігі талап етілді [2].

Дипломдық жобаның негізгі **мақсаты** Ақылды үйдің дауыстық көмекші арқылы басқару жүйесін автоматтандыру және робот арқылы басқару, сондай-ақ микропроцессорлық жүйесін Arduino микро-контроллерінде құру болып табылады.

Бұл дипломдық жобаның **өзектілігі** ол- цифрландырудың тұрғын үй кешендерінде ғана емес, шағын ауыл мекендеріндегі жер үйлерін қауіп-қатерден қорғау үшін автоматтандыру тапсырмаларын дауыспен басқару арқылы іске асыру болып табылады.

Цифрландыру мақсатында жасалған ақылды үйдің төтенше жағдайдағы қауіп-қатерлердің алдын алу жұмыстарын жасау және оған кететін энергия мөлшері шығындарын үнемдеу жолдарын ұсыну. Ақылды үйді автоматтандыру жұмыстарын орындап, ақпаратты-бағдарламалық ерекшеліктері мен артықшылықтарын көрсету.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы Қазақстан халқына жолдауында, Қазақстан цифрлық экономиканы өте қарқынды дамытуды көздеп отырғандығын мәлім еткен болатын. Жолдауда сонымен қатар келесі тапсырмаларды айта кетті: Біздің мақсатымыз – Қазақстанның ІТ саласын дамыту, коммуникациялық ақпараттық инфрақұрылымның даму деңгейін біршама көтеру және сол бойынша мемлекеттер арасында көшбасшылықты нығайту. Үкімет заңнаманы 5G, Ақылды қалалар, Үлкен деректер, блокчейн, цифрлық активтер, жаңа

цифрлық қаржы құралдары сияқты тың технологиялық құбылыстарға бейімдеу қажет.[1]. Осыған орай алдағы уақытта көп жұмыс атқарылуы тиіс болатындығы айтылған болатын. Осы жолдаудың нәтижесінде Үкімет ІТ саласына ерекше назар аударып, дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауы керек деген болатын. Цифрлық индустрия бағытын негізге ала отырып, адамның тұрмысын автоматтандыру технологияларын (smart home, немесе home automation) іске асырамыз. Яғни, қажетті берілген әрекеттерді орындауға, адамның араласуынсыз, белгілі бір міндеттерді шеше алатын үй құрылғыларының жүйесі. Осындай әрекеттердің ең көп таралғандары: ауа температурасын бақылау, жылыту және ауа температурасын салқындату жүйесі, жарық көздерінің автоматты жанып-өшуі, газ және де басқа апатты жағдайларда өздігінен үй иегесіне хабарламаны жіберу жүйелері.

Берілген Дипломдық жобаның **тапсырмасы** Роботты қолдану арқылы ақылды үйді басқару жүйесінің негізгі бөлімдерінің бірін іске асырудың технологиялық әдістері қарастырылған. Arduino жұмысының нәтижесінде микроконтроллерлердің құрылымдық түрлері мен олардың басқа да микроконтроллерлерден өзара салыстырмалы түрде сипатталған. Бұл жұмыста басқару жүйесі Bluetooth module көмегімен орындалған.

Ақылды үйге қызығушылықтың ұлғаюына және оны пайдалануды одан әрі кеңейтуге қарай, қазіргі таңда үйді автоматтандыру өте ыңғайлы және икемді. Ақылды үй процесі уақытты оңтайландырады, үнемдейді және үй иесінің қауіпсіздікті бақылау жөніндегі қызметінің тиімділігін арттырады, осындай жүйені бақылайтын қызметтік бағдарламалар талап етіледі.

Берілген тапсырмалардың шешілу барысы дипломдық жұмыста келесі тәртіппен баяндалады:

Бірінші бөлімде ақылды тұрғын үйдің құрылымы мен дамуын толығырақ баян еттік. Бұрынғы технологияның даму барысындағы жүйенің жетістіктері мен өзгерістері жұмысына тоқталдық.

Екінші бөлімде ақылды үйді Tinkercad бағдарламасында 3D модельдеу, микроконтроллерлердің жалпылама құрылымы, қолданылған датчиктер тізімі, AutoCad бағдарламасында сызылған сызбанұсқасы, Датчиктердің өзара байланысы баян етілді.

Үшінші бөлімде жүйенің жұмыс жасау алгоритмі құрылып, бағдарламалық кешені мен блок схемалары көрсетілді. Бағдарламалық-ақпараттық қамтамсыз етуіне және блок схемаларға сипаттама берілді.

Төртінші бөлімде ақылды тұрғын үйдің пайдасы мен экономикалық тұрғыда тиімділігі айтылды.

1 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ

1.1 Ақылды үй түсінігінің қалыптасу тарихы

XX ғасырдың ортасына қарай тұрғын үйді заманауи талапқа сай автоматтандыруға алғашқы, оқшауланған жеке әрекеттер пайда бола бастады. Сол кезеңде футуристік эксперимент жасаушылар мен жаңа технология ойлап тапқыштардың жеке мүдделері сияқты еді, сонымен қатар практикалық түрде кең ауқымда қолданылмады. Ең ақылды, танымал американдық инженер Эмиль Маттиастың батырма үйі (push-button Manor, 1950) пайда болды, онда үйдің барлық бөлмесінде орналасқан түймелер арқылы үй тапсырмаларын орындау үшін автоматтандырылды, ал Echo IV компьютері (1966) - американдық инженер Джеймс Сазерленд технологиясы, адамға қолайлы түрде үй климатын реттей алады, кейбір жабдықтарды қосып, өшіре алады.

1975 жылы шотландиялық Pico Electronics компаниясы тұрмыстық техниканы басқарудың ең алғашқы мамандандырылған қолайлы стандартын жасап шығарды: X10. Сигнал беру үшін әдеттегідей электрлік желі көзі қолданылды. Сондай-ақ, инженерлер 433 МГц (АҚШ-та 310 МГц) сымсыз түрде басқарылатын радио жиілігінде ұсынды. Бұл жаңадан пайда болған жүйе техникаларды іске қосып өшіруге, сонымен қатар құрылғылардың ағымдағы күйі туралы ақпарат алуға мүмкіндік туғызды. X10 басқару үшін арнайы консоль және компьютер интерфейсі жасалды. Олардың орнатудың қарапайымдылығы мен арзандығы X10-да жүйелердің кең қолданылуына қолайлы болды.

АҚШ X10-тің негізгі нарығына 1980 жылдары енгізілді. X10 құрылғылары Еуропада өте аз пайдаланылды. Бұл құрылғылардың барлық функцияларын пайдалануға мүмкіндік туғызбайтын реттеудің, мемлекеттік ерекшелікпен артықшылықтарына байланысты. Еуропалық энергетикалық компаниялар өздерінің X10 аналогты жүйелерін шығарды. Өз бизнесін тиімді дамыту үшін Siemens бастаған немістік компаниялар түбінде European installation bus (EIB, 1990) деген атауға ие бірыңғай стандартты жүйені пайдалануға шешім шығарды. Француз электрик президенті бастаған компаниялар тобы VatiBUS стандартын жасап шығарды. Голландиялық Philips, неміс Daimler Benz, француздық Thomson household electronics, British Telecom және басқа да бірқатар ақылды үй жүйелері Еуропалық қауымдастықпен (EHSA, 1991) еуропалық үшінші стандартты — EHS құрды.

Америкалық тұрғын үй, құрылыс компаниясы 1984 жылы (National Association of Home Builders) автоматтандыруды қолданатын үйлер үшін ақылды үй терминін шығарды, ал 1999 жылы Disney студиясы ақылды үй идеясын көпшілікке ұсынатын ақылды үй фильмі жарық көрді.

1988 жылы Nippon Homes Corporation және 15 түрлі профильді жапондық компаниялар Келешектің автоматтандырылған ақылды тұрғын үйін жасап шығаруға бас қосты. Жапондық танымал дизайнер Кен Сакамура

жалпы басқару, дизайн және сәулет өнерін дамытумен айналысқан. Жоба *tron Intelligent House* деген атпен танылды және бұл жоба 1989 жылдың жаздың шілде айына дейін жасалынып бітті.

Еуропалық компаниялар 1999 жылдары құрылғыларды үш стандартқа негіздеп шығаратын, одан кейін 2002 жылы жоспарланған және ашық болатын жалғыз KNX хаттамасын жаңаша түрде біріктіріп құруға келісім жасасты.

Үй технологияларын автоматтандырудағы Революция 2010 жылдан бастап дамыды, бұған iPhone (2007) сияқты басқа түрдегі телефондардың жарық көруі себепші болды. Нарықта тұрғын үйлерді автоматтандыру жұмыстары бірден көптеген жетістіктерге қол жеткізді, содан соң жүз шақты құрылғылардың жаңа түрі жарық көрді. 2010 жылы Dropcam заманауи дизайны бар арзан (\$200) бақылау камерасын, смартфоннан бейнеге онлайн қол жетімділікті және бұлтта жазбаларды сақтау мүмкіндігіне иеленді. Nest бұрынғы мәселелерді шешетін термостаттың жаңаша бағдарламаланатын түрін 2011 жылы ұсынған болатын: қолданушылар энергияны үнемдей отырып, оларды өздері қалағандай реттей алмады өйткені олар өте күрделі болған еді. Олардан айырмашылығы, nest термостаты өздігінен үйренді, сонымен қатар оған телефонмен басқара алу мүмкіндігі берілді. 2014 жылы Google екі компанияны да сатып алған еді.

Philips HUE брендімен реттелетін жарықтығы мен спектрі бар шамдарға арнайылап Ақылды үйді жарықтандыру жүйесі 2012 жылы қолданысқа шыққан болатын. ZigBee радио интерфейсімен жабдықталған өзінің микроконтроллері жүйенің әр жарығында бар.

Кремний алқабының тағы бір компаниясы 2012 жылы SmartThings-тен жүздеген есе қымбат тұратын автоматтандырылған үйдің серпінді түрдегі жүйесін жасады. Қазір ол аналогтардан арзан: 50 долларлық розеткалар мен қосқыштар; 100 долларлық хабтар; 50 долларлық және басқа да құрылғылар; 30-40 долларлық датчиктер. SmartThings үшінші тарап құрылғыларының 100 мыңнан астам түрін, 8 мың үшінші тарап қосымшаларын қолдайды. Samsung компанияны 2014 жылы сатып алған болатын.

Amazon Echo — ның 2014 жылы алғашқы ақылды дауыстық көмешісі пайда болды. Дауыстық басқарумен біріктірілген Alexa smart assistant кішігірім құрылғы. Бұл сізге үй техникаларын басқаруға сондай-ақ күнделікті сұрақтарға жауап бере алатын. Google Assistant ақылды дауыстық көмекшісінің негізінде 2016 жылы Google Home аналогы жарық көрді. Apple Siri дауыстық көмекшісі негізінде 2017 жылы Apple HomePod смарт-динамигін шығарды. Қытайлық Xiaomi 2017 жылы Xiaomi Mi ai Speaker smart speaker ақылды динамигінің нұсқасын ұсынды.

Ресейде Яндекс Яндексті 2018 жылы іске қосты. Ұқсас функционалдығы және Alice дауыстық көмекшісі бар жүйе. Оның басқа мемлекеттердегі дауыстық көмекшілерден айырмашылығы-2019 жылы бұл орыс тілінде басқарылатын дауыстық көмекші ақылды үйге арналған жалғыз

платформа болды . Сонымен қатар өндіруші мен әзірлеушінің өзінің ақылды үй экожүйелерін біріктіріп жасауға мүмкіндік туғызды (мысалы, Xiaomi Mi Home, Samsung SmartThings, Sky үшін Redmond Ready және басқалары).

1.2 Қазіргі таңда пайдалануда бар ақылды үй ақпараттық-бағдарламалық кешендерін талдау


Ақылды үй (smart house, және де building automation немесе intelligent building) – жоғары технологиялық құрылғылармен қамтамасыз етілген қазіргі заманғы үлгідегі автоматтандыру құралдары бар тұрғын үйді айтады. Ақылды үй деп барлық пайдаланушылардың бірінші кезекте қауіпсіздігін және жайлылығы мен уақыт тиімділігін қамтамасыз ететін жүйе деп түсінген жөн. Нақтырақ айтқанда, жүйе орын алған апатты жағдайларды жылдам анықтап, оларға тиісті жауап бере алуға қабілетті болуы керек, жүйенің бір бөлігі басқалардың әрекетін алдын-ала енгізілген алгоритмдердің көмегімен басқара алады. Ақылды үйдің жұмысы негізінен микропроцессорлық жүйелермен байланысты болып келеді. Күрделі цифрлық құрылғыларға микропроцессорлық жүйелер жатады. Микропроцессорлар үлкен немесе өте үлкен интегралды схемаларға жіктеледі. Қазіргі уақытта Микропроцессорлық техниканы жеткілікті игеріп, осы жүйенің жұмысын практикалық түсіну үшін, ең алдымен жүйенің негізгі буындарының өзара әрекеттесуін ұйымдастыра білу керек. Яғни микропроцессорлық жүйе жөнінде толықтай білім алу үшін, оның бағдарламалық бөлігін де, аппараттық бөлігін де игеру қажет.

Ақылды тұрғын үйдің бірнеше артықшылықтарын айтуға болады: электр энергия көздерін 10-18% - ға дейін азайту, жайлылық пен климатты реттеу, қауіпсіздікті арттыру. Ақылды үй жұмыс істеу принциптері сигналдар белгілі алгоритм нәтижесінде беріледі де, бұйрықтар құрылғыдан сигналдарды қабылдап алатын орталық процессорда сақталады [4]. Ең алғаш рет АҚШ-та Ақылды үй түсінігі қолданыс тапқан болатын. Олар алғашқы зияткерлік үйлерді ақылды электрондық құралдармен қамтамасыз етті. Қазіргі уақытта электр пештері, кондиционерлер мен теледидарлар қоғамда, кеңінен қолданыс тауып және тұрмыстық өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Ақылды үй термині ең бірінші рет Вашингтондағы Интеллектуалды құрылыс институтында 1970 - жылдары қолданылған болатын. Ақылды үй сөзінің түсінігі: жұмыс орнын үнемді, әрі тиімді қолданатын ғимарат.

Алған кешенді шешім Intellegense Building термині болды. Бір кабельмен жүйенің арқасында компьютерлік желілер, көптеген жүйелер мен қорғау жүйелері жұмыс істеді. Бұл жүйенің негізгі мақсаты кабельдерді орталықтандыру болып табылды. Арада біраз уақыт өте келе жүйенің қарқынды дамуының нәтижесінде Ақылды үй концепциясы пайда болды [3]. 1.2 суретте жүйенің мысалы көрсетілген.

1.3 Интеллектуалды ғимарат түсінігі


Интеллектуалды ғимарат – қоршаған ортадағы жүйені түсіну және жағдайға байланысты белгілі бір әрекеттерді орындауды білдіреді.



1.1 Сурет - Жеке тұрғын үйдің тұжырымдамасы

1.2 суретке қарайтын болсақ ішкі барлық жүйелері өз алдына жұмыс істеуге қабілетті болуы керек екенін, оның жұмыс режимін ретке келтіру және қолдау, орталық бақылау қондырғыларын өшіруге болатынын көруге болады. Бірнеше жабдықтарды басқаратын қарапайым автоматтандыру жүйесі бар. 1978 жылы тұрмыстық электр сымдарына арналған техникалық бақылау технологиясын Leviton және X10 АҚШ компаниясы әзірледі, міндетке ақылды үй жүйесін құру туралы шешім қабылданды. 60 Гц кернеуі және 10В жиілігіне орай дайындалған бұл технология аса қатты танымал болмады [5].

Интеллектуалды үйлерді құру үшін, кем дегенде, пәрмендерді тұтыну және арналарды өзгерту, дыбыс қаттылығын реттеу, кері айналдыру және басқару элементтерін ойнату үшін HVAC (ауаны жылыту, желдету) жүйесін басқару қажет. Әр түрлі компаниялар осы мәселе бойынша шешімдерді іздеуге, жаңа деректер хабарламаларын әзірлеуге тырысты.



1.2 Сурет - Ақылды тұрғын үй жүйесінің негізгі бөлімдері

Қоғамдық ортаға басқаша тұрғыдан қарайтын болсақ, автоматтандырылған басқару құрылғыларын пайдалану өте тиімді. Ақылды тұрғын үй адамның араласуынсыз сол ортада орын алған әрекеттерге қарай өзгеріп отыратын белгілі алгоритмдер бойынша енгізілген шешімдерді орындайтын жүйе. Бұл жүйенің құрамына көптеген жүйелер кіреді.

Біріншісі қашықтықтан үйдің есіктердің ашып-жабылуын, жарықтың өшіп –қосылуын басқарады;

Екіншісі үйдің климатының температурасын реттеу;

Үшіншісі үйдің қауіпсіздігін қорғайды, хабарлайды т.с.с.

Бұл жабдықтардың жұмысы бір біріне ешқандай бөгет жасамауы қажет. Себебі, әрбір жүйе жеке бір мақсатта жұмыс істейді. Ақылды тұрғын үйдің міндеті басқару техникалары арасында болатын адаммен байланыс кедергісін жою.

Ойлаған жүйені, батырманы басумен таңдауға болады. Ал Ақылды үй сыртта немесе іште орын алған жағдайға қарай жұмыс жасайды. Осындай кезде үй жарықтарын басқару, салқындату және жылыту құрылғыларының басқару блоктарын қолдану қажеттіліктері туындамайды.

Ақылды тұрғын үй өзінің функционалдық және басқарудағы қарапайым құрылғылар есебінен үйдің барынша жайлылығы мен эстетикалығына, оның қауіпсіздігіне, үй-жайларды пайдалану

ыңғайлылығына, пайдалану шығындарын және басқа да көптеген ресурстарды үнемдеуге қол жеткізу үшін сыртқы қауіптерден, сондай-ақ жүйенің ішкі істен шығуынан қорғауды қамтамасыз ете отырып, бірегей мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, оның маңызды артықшылығы нақты уақытта орнатылған датчиктерден ақпарат алу, кез келген жабдықты басқару және ел аумағынан тыс жерде қауіпсіздікті бақылау мүмкіндігі болып табылады.

Жүйенің құрамдас бөліктерінің әрқайсысы бірегей, олардың барлығы бір-бірімен тиімді өзара іс-қимыл жасай алатындай және міндетті түрде техникалық құралдар кешенін кеңейту және конфигурацияның түрін өзгерту мүмкіндігімен жобаланады.

Интеллектуалды ғимараттың тұжырымдамасы келесі шарттардан тұрады: басқарудың интеграцияланған құрылымы - жарықтандыру, жылыту мен желдету, салқындату, өрт-газ және қорғау жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Белгілі қызметтер мен тапсырмаларда адамдардың қажеттілігі автоматтандырылған жүйелердің арқасында жойылады, орнына интеллектті жүйе басқаратын болады. Жүйенің ақылдылығы осы жерден танылады, ол апатты жағдайлар орын алғанда өздігінен берілген алгоритмдерді орындап, шешім шығара алады.

Шұғыл ажырату механизмінің жүйесі, кез келген жағдайда адамның өз бетінше басқаруына мүмкіндігі болуы тиіс. Мұнда пайдаланушы интерфейсі барынша түсінікті болуы керек.

Басқару жүйесінен бас тартқан жағдайда, тұтастай алғанда, әрбір жеке жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету өте маңызды.

1.4 Ақылды тұрғын үйдің артықшылықтары мен ерекшеліктері, жұмыс істеу принциптері

Ақылды үй келесі берілген алгоритмдерді жүзеге асыратын блоктарға бөлінеді:

Сенсорлардың көмегімен керекті мәліметтерді жинайды;

Келген мәліметтерді талдап, алгоритмделген микропроцессордың арқасында өздігінен шешім шығарады;

Керекті құрылғыларға бұйрықтар беріп, қабылданған шешімдерді орындайды. Жүйені және оның бақылау функцияларын қолдану ерекшеліктері келесідей:

- Есіктің құлпына жауап беретін үйдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйесі

- Үйдің есіктерін автоматтандыру және дауыспен басқару жүйесіне жауап беретін жүйесі

- Үйдің жарығын телефон арқылы басқару жүйесін автоматтандыру жүйесі

- Апатты жағдайда өздігінен шешім қабылдап, адамның қауіпсіздігіне жауап беретін жүйесі

- Үйдің жай күйін қашықтықтан хабарлау жүйесі

Қорғаныс жүйесі үш негізгі құрамнан тұрады: Апатты жағдайлардан қорғау және автоматты шешім шығару және хабарлау жүйелері.

Өрт бақылауы ауадағы инфрақызыл сәуленің көрінуі нәтижесінде әсер ететін датчиктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Өрт қауіптілігі туындаған жағдайда өртке қарсы жүйе іске қосылады және өртті болдырмау үшін үйдегі барлық желдететін жүйелер тоқтатылады, газ жабылады, электр токтары ажыратылады.

Газ бақылау жүйесі ауада пайда болған түтін немесе газ иісіне сезімтал датчиктер арқылы жүзеге асырылады. Газ, түтін иісі шыға бастаған жағдайда дереу сырттан келіп тұрған газ құбыры жабылады, ауа тазартатын желдеткіштер қосылады.

Үйді су басу қауіпі төнген жағдайда үйдегі автоматты қауіпсіздік жүйесі бойынша су кеткен бөлмедегі су құбыры жабылады, су сорғысы іске қосылады.

Жер сілкінісі апаты орын алса жер сілкінісіне сезімтал жүйе қосылады, үй иесіне хабарлап қауіп төніп тұрғанын, қауіпсіз орындарға жасырыну керектігін ескертеді.

Үйдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйесі үйге таныс емес бөтен адамдар кіріп кеткен жағдайда қосылады, үй иесіне хабар беріліп сигналдар ойнайды.

Үй-жайдағы адамдар дабыл және түрлі-түсті сигналдар бойынша хабарландырулар алады, үйдің иесі болмаған кезде, жүйе автоматты түрде дауыстық хабарлама немесе SMS хабарламаларды ұялы телефондарға жібереді.

1.5 Дипломдық жобаның міндеттері

Автоматты басқару жабдықтарын қолдану арқылы өмір сүру жағдайларына жаңаша көзқарас қалыптастырады. Ақылды үй жүйесі- бұл сол ортадағы жағдайлар үшін өзгеріп, белгілі енгізілген алгоритмдерді адамның араласуынсыз өздігінен қабылдап соған байланысты шешім шығаратын автоматты жүйе. Бұл жүйелер көптеген құрамдардан тұрады. Бір жүйе жарықты бақылайды, енді бірі ауарайының қалыпты жағдайында сақталады. Үй қорғалған және т.б. бұл құрылғыларды басқару келісілген болуы керек, бір-біріне кедергі келтірмеуі керек. Ақылды үйдің негізгі мақсаттарының бірі- басқаратын техникалар мен адам арасындағы ықтимал кедергілерді шешу. Бір түймені басу арқылы ойлаған жүйені іске қосуға мүмкіндік болады.

Бұл жұмыста автоматтандыру объектісі үшін ақылды үй қарастырылып алынды. Ақылды үй ғимаратында белгілі бір инженерлік жүйелер бар:

- Үйді жылыту жүйесі;
- желдету мен салқындату жүйесі;
- Жасыл электр энергиясы;
- жарықтандыру жүйесі;
- сымсыз байланыс (Bluetooth, Wi-Fi, GSM);
- Web (қашықтықтан басқару)
- өрт және күзет дабыл қағу.

Осы тізімге қарайтын болсақ өмір сүруге керекті барлық жүйелердің бар екендігін көруге болады. Бұл, керекті сонымен қатар қолданыста үлкен көлемде дамыған жайлы өмірді қалыптастыратын адам үшін қолайлы әрі тиімді. Үйді жылыту жүйесі қолдан басқара алатын режимде жұмыс жасайды, ауданы мен көлемі үлкен тұрғын үйлерде өте ыңғайсыз, көп газ қажеттілігін талап етеді. Желдету жүйесі өте қарапайым жүйеде орындалады, сондықтан аса қатты маңызы жоқ, жарықтандыру жүйесіне келсек ол екі режимде ғана жұмыс істейді, яғни жарықтың қосылуы немесе өшірілуі [6].

1.3 суретте көрсетілгендей автоматтандыру үшін атқарушы механизм жабдықтар мен сенсорлар керек болады.

Автоматиканың негізгі жұмыстарына:

1. функционалдық жабдықтардың қызметін басқару;
2. электромоторлардың қозғалысын басқару;
3. жабдықтардың жұмысын бақылау;
4. апатты жағдайда дабыл қағу;
5. жарықтандыруды автоматтандыру мен басқару т.с.с.

Автоматиканы қолдану адам факторларының әсерінен қорғайды. Адамдар әр түрлі жағдайларда газ плитасын немесе электр құралдарын өшіруді ұмыта алады, бұл жаман салдарға әкелуі мүмкін. Автоматты жүйені пайдалану аталған жағдайларды толық жоққа шығарады.

Үйдегі климатқа қарай жұмыс режимін қолайлы түрде таңдай алу керек, температураға байланысты ерекшеліктерді ескеруі, пешті мүмкіндігінше көп және аз қосу, кеш бату кезінде шамды қосу сияқты ерекшеліктер ескерілуі керек.


